

ӘОЖ 81'373.46

ГАЗЕТ МӘТІНДЕРІНДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ МЕТАФОРЛАР

Сабырова Зарема Ғабитқызы

Zarema.20.96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Филология факультетінің
магистранты, Нұр-сұлтан қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Т.Ғ.Аутовна

Метафора мәселесі екі мың жыл бойы адам санасын толғандыруда. Сан ғасырлық
метафора ұғымын зерттеу тарихында көптеген тіл білімінің бағыттары белгілі.

Метафора терминіне алғашқы анықтама берген Аристотель. Ол метафораны сөздің мағынасының бір түрден екінші түрге ауыстыру арқылы ұқсастық дәрежесіне ауыстыру деп айтқан. Аристотель пікірінше, метафора ақиқатты айта отырып, бірікпейтін заттарды үйлестіре білу құқығын береді. Сонымен метафора деп бұрыннан бар сөзді немесе сөз тіркесін оның мағынасының белгілі бір жағын есепке ала отырып жаңа бір сөзбен байланыстыра қолдануды айтады.

XX ғасыр метафора теориясының дамуына елеулі өзгерістер енгізді. Метафора философияны, логиканы, психологияны, тіл білімін, стилистиканы және т.б. ғылымдарды оқыту пәніне айналды. Ғылыми білімнің өзара әрекеттесуі метафораны жан-жақты зерттеуге үлкен үлес қосты. Жаңа бағыттар, теориялар, тәсілдер пайда болды. Қазіргі уақытта метафораның теориясында екі негізгі бағыт бар – семантикалық және когнитивті. Семантикалық бағыттың шеңберінде метафоризация процесін зерттеуде Н.Д. Арутюновтың, М.Блэк, А.Вежбицкая, В.Г.Гак, Д.Дэвидсон, Э. Ортони, П. Рикер, А. Ричерде, Д.Серль, В.Н. Телия және т.б). Сонымен қатар олар метафораны ойлау феномені ретінде сипаттайды, бұл метафораны түсіндіру саласын байытады және кеңейтеді.

В.В Виноградов бағалауды «ішкі формамен» байланыстырды, онда тек «шындықты түсіндіру» ғана емес, оның бағасы да көрсетіледі. [1;25].

Е. М. Вольф, ешқандай тілде жақсы/нашар түсінік болмайды, сондықтан бағалау – әмбебап категория деп есептейді. Ғалым бағалау – метафора, метафор – бағалау арақатынасын қарастырады және метафоризация кезінде бағалау мағынасының пайда болу мүмкіндігі метафораның табиғатымен байланысты, ал метафораның және бағалаудың арақатынасы бір мағынада емес деп болжам жасайды. [2;52-65]. В.Н. Телия метафораның экспрессивті-бағалаушылық функциясын қарастыра отырып, бағалау қызметінің танымдық сияқты санаға табиғи және прагматикалық бағдарға ие екендігін көрсетеді: субъектінің қажеттіліктеріне сәйкес, оның қызметіне әсер етті. Бағалау функциясы бір атауды, бірақ түрлі пәндік салаларда қолданатын метафорикалық процесті түзетеді. Мысалы, өткір тіл емес, өткір есту/көру [3;31]. Н.Д. Арутюнова тілдің бағалауын зерттей отырып, бағалау адамның санаты болып табылады, адамға қатысты және онымен байланысты, оның физикалық, психикалық және әлеуметтік мәнін қозғайды деп айтады.[4;183]

Газет мәтіндеріндегі бағалау метафоралары көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырды (Н.Д. Бессаробова, М.Р. Желтухина, А.Ю. Кланцакова, А.Ю. Перескокова, А.А. Пшенкин, О.С. Синекупова, Г.Я. Солганик, Е.С. Чжин, қазақ ғалымдарынан Ф.З.Жақсыбаева, Б.Қ.Момынова, Ғ.А. Түсіпбекова) Метафора болып жатқан оқиғаларға баға бере отырып, оқырманға әсер етудің және оның санасын айла-шарғы жасаудың тиімді тәсілі болып табылады. Метафораның қалыптасу көзі адам қызметінің саласы болып табылады: әскери, медициналық, спорттық, театр, аспаздық және т.б. «Әскери» және «медициналық» метафоралар жоғары жиілігімен ерекшеленеді. Зерттелген материал метафоризацияның жаңа көздерінің қалыптасуын көрсетті, олардың бірі осы зерттеуде бөлінген және бұрын белгілі және зерттелетін метафоралардың топтарын толықтыратын қайта ойластырылған «қаралы» лексика болып табылады.

Г.Я. Солганиктің «Лексика газеті» атты кітабының жариялануы бұл саладағы тағы бір қарышты қадамға айналды. Автор газетпублицистикалық стильдің бағалаушылық сынды маңызды әлеуметтікпрагматикалық қызметіне лексика деңгейінде талдау жасайды. Газеттегі «сөздерді қолдану (әсіресе идеологиялық түсініктермен байланысты) бір сөздердің бойына әр түрлі мазмұнды сыйғызатын әлеуметтік топтардың ықпалына түспей қоймайтындығын» атап өтіп, автор газет тіліндегі бағалаушылық туралы: «оның бұл қыры индивидуалды емес, тура әлеуметтік сипатқа ие» – дейді. Көптеген мысалдарға талдау жасай келе, автор әлеуметтік бағалаушылық, коммуникативті жалпы мағыналылық және айрықша экспрессия публицистикалық стильдің тілдік ерекшелігін құрайтындығы туралы тұжырым жасайды.

Көп жағдайда журналист мақалада баяндалатын жаңалыққа деген өз көзқарасын жеткізе алмайды, осындайда фразеологиялық бірліктерге тән бағалаушылық қызмет көмектеседі. М.: «"Отырсақ опақ, тұрсақ сопақ" қырғыздарға қайтпек керек?»

Бағалаушытық метафоралар газет мәтіндерінде түрлі мағыналарда қолданылады, оларды **жағымды, жағымсыз** деп екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Жағымды бағалаушытық метафоралар мадақтау, мақтау мақсатында қолданылады. Оларға төмендегілерді жатқызамыз.

Ауруға ем, сауға қуат – дәрі қымыз[6.]. Қымыз – жылқы сүтінен алынатын кышқыл сүт өнімі. Қымыз қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі, сонымен қатар қымыздың дәрілік қасиеті де бар.

Қыз – ол қоғам айнасы, ұлт болашағы, қазақ ұрпағының анасы, қазақ елін гүлдендірер берекенің бастауы[6.]. Қазақ қыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлген. «Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қағидамен қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасы мәртебесін нығайту бірінші орында болған. «Қызды қырық үйден тыйым» дегендей, қыз баланың жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері арқылы шыққан елін, жұртын бағалайтын болған.

Жағымсыз бағалаушытық метафоралар мінді, кемшілікті білдіру мақсатында қолданылады. Газет мәтіндерінде жағымды метафораларға қарағанда, жағымсыз метафоралардың басым екенін байқауға болады.

Той көбейген сайын (бұл біздің қанымызға сіңген қасиет) кейбір келеңсіз жайттар да, өкінішке қарай «жаңғырып» жатыр[6.]. Жаңғыру сөзінің мағынасы ескі тақтайды жонып, жаңғырту, ескі көрпені сөгіп, қайта тыстау, яғни бір зат не құбылыстың қайта жаңғырту. Той қазіргі кезде бәсеке, мақтаншыққа айналып кетті, біреу той жасаса, екіншісі одан асып түскісі келіп, одан да әдемі қылып жасағысы келеді. Ал берілген мысалдағы «жаңғыру» сөзі пайда болды деген мағынаға сйкес келеді.

Ақырында осындай даңғойлыққа барғанына бармағын тістеп отыр[6.]. Даңғойлық, мақтаншатық – адам бойындағы жаман қасиет, өзімшіл, менмен адамдарда кездеседі. Ерте ме, кеш пе, өз іс-піғылдарының зардабын көреді.

Ұлт тәрбиесінің әлсіздігі мен ұлттың рухани ақсақтығы[6.]. Ақсақтық – әлсіздік, кемістік мағынасында айтылған.

Екі әйел қосылса – базар, үш әйел – жәрмеңке[6.]. Екі әйел қосылса, базар дегені олар қосылып, бір ауылдың өсек-аяңын, әңгімесін айтады, ал үш әйел қосылса жәрмеңке деп отырғаны олар үшеу болғанда, бір ауыл емес бір аудан, аймақтың өсегін, әңгімесін сөз ететіні меңзелген. Жәрмеңке үлкен аймақта сауда-саттық жүретін жер. Ол жерге өз тауарын өткізу мақсатымен елдің әр жерінен саудагерлер келеді. Қызу әңгіме, сөз, өсек-аяң сол жерде болады.

Екі сиыр – айран, екі қатын – ойран[6.]. Тоқал алу – қазақтың ертеден бері келе жатқан дәстүрі. Ол әр түрлі мақсатта болуы мүмкін: әмеңгерлік, қажеттілік, физиологиялық ерекшелік, құмарлық. Бірақ еркек адамдар «екі қошқардың басы бір қазанға сыймайтынын» ескермей, екі қатынның айқай-шуынан көз ашпайтынын ойламайды, әйелдері мен олардың балалары бір-біріне қас болып өседі, шаңырағы ортасына түсіп, ойран болады деген мағынада жазылған.

Біздің қоғамда жақсылардың атын атай бермейтін бір иттік бар[7.]. Бұл жерде иттік сөзі – біреуді мақтай алмайтын, оның жетістігін көре алмайтын адам туралы айтылып тұр. Сонымен қаттар «иттік жасап кетті» деп опасыздық жасаған, сатып кеткен адам туралы да айтады.

2018жылы да бұл көрсеткіш сынықсүйем кеміген жоқ[8.]. Сынық дегеніміз негізгі мағынасында адамның немесе жануардың сүйек тұтастығының бұзылуы. Сую – ол бір адамды жақсы көру, ғашық болу. Ал енді берілген мысалдағы ауыспалы мағынасына келетін болсақ, бұл жерде қазіргі кездегі жыл сайын үйленген жастардан, ажырасып жатқан жастардың санының әлдеқайда басым екенін, яғни жастардың үйлену кезіндегі

шын махаббатпен емес, «сынықсүю» яғни шын жақсы көрмеуі, сезімінен адасуы айтылған.

Бас қосқан кеңестің негізгі тақырыбы «кенеусіз кеткен келін» мәселесіне тірелетінін жасыра алмасақ керек[8.]. Кенеусіз кеткен келін – бетімен кеткен, үлкеннің тілін алмайтын, мейірімсіз келін бала. Бұл мақаладағы «кенеусіз келіннің» бетімен кеткені соншалықты, өзінің жасы үлкен енесіне еден жудыртып қоятын болыпты. Әбден қиналған қарт ана менің «төрт енем» бар деп айтатын көрінеді, сөйтсек, «төрт ене» деп, төрт келінін айтыпты. Ене-келін мәселесі әлі күнге дейін, оқырманның қызығушылығын арттырмаса, кемітпесі анық. Қорыта келгенде, газет мәтіндеріндегі қолданылатын бағалауыштық метафоралардың екі негізгі мақсатты көздейді мақтау, мадақтау және мінін көрсету, метафораны ұтқыр пайдалана білген журналист, оқырманды өзіне елітіп алып кететіні сөзсіз. Өкінішке орай, мақтаудан гөрі сынымыз бен мініміз көп екен. Алайда «Сын түзелмей, мін түзелмес» демекші, газет беттерін оқи отырып әр адам ішінен өзін тауып, дұрысталуға тырысады деп үміттенемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Виноградов, В.В. Избранные труды. Исследования по русской грамматике / В.В. Виноградов. М.: «Наука», 1975. - 550 с.
2. Вольф, Е.М. Метафора и оценка/ Е.М. Вольф// Метафора в языке и тексте: сб. науч. тр. М.: Наука, 1988.
3. Телия, В.Н. О различении; рациональной; и эмотивной (эмоциональной) оценки: сб. науч. тр./ В.Н. Телия// Функциональная семантика: оценка, экспрессивность, модальность. М.: РАН Институт языкознания, 1996.
4. Арутюнова, Н.Д. Общая и частная оценка/ Н.Д. Арутюнова// Язык и мир человека: сб. науч. ст. М.: Наука, 1999. - С. 183-224.
5. Солганик Г.Я. Лексика газеты. – Москва, 1981
6. Ана тілі. №13 28-наурыз-3-сәуір 2019ж
7. Ана тілі. №13 20-наурыз-27-наурыз 2019ж
8. Егемен Қазақстан. №64 (29543), 4-сәуір 2019ж